



**Білмегенінен
қорықпау керек –
оқымағанынан қорқу
керек.**

Қытай мақал-мәтелі

**Азаматтық құқықтық
қатынастар қандай
міндеттемелерді
туғызады?**

- **Міндеттеме** - шартпен ресімделген азаматтық - құқықтық қатынас.
- **Борышкер** - міндеттемеге сай белгілі бір іс - әрекетті жүзеге асыруға тиіс адам.
- **Несие беруші** - оның пайдасына іс - әрекет жүзеге асырылатын адам деп аталады.
- **Шарт** - Екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімдер.

Оқу мақсаттары

- Міндеттемелер мен шарттардың азаматтық құқықтағы ролін түсінеді

- **Міндеттеме** – шартпен ресімделген азаматтық – құқықтық қатынас. Азаматтық құқықта барынша мол алуан түрлі шарттар көзделген. Осындай шарттардың негізінде **міндеттемелер** деп аталатын құқықтық қатынастар пайда болады. Міндеттемеге сай бір адам белгілі бір іс – әрекетті жүзеге асыруға тиіс. Ол **борышкер** деп аталады. Оның пайдасына іс – әрекет жүзеге асырылатын адам **несие беруші** деп аталады. Несие беруші борышкерден міндеттеме мазмұнында көрсетілген әрекеттер жасауды талап етуге құқылы. Мысалы, ақшаны қайтаруды, белгілі жұмыстарды орындауды, ақша төлеуді және т.б. қамтиды.
- Екі немесе бірнеше адамның азаматтық құқықтар мен міндеттерді белгілеу, өзгерту немесе тоқтату туралы келісімдерді **шарт** деп танылады. Шарт ауызша немесе жазбаша бекітілуі мүмкін. Шарт еркіндігі – тұлғалардың өз еркін білдіруі. Біріншіден, азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасасқанда ерікті болады. Жалпы алғанда, шарт

Жазып ал да, жаттап ал!!!

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік мынадай негізгі қызметтерді атқарады:

Жазалау қызметі— міндеттемені бұзған немесе шығып келтірген тұлғаның мүлкінің азаюы.

Тәрбиелік қызметі— құқық бұзушы болашақта мұндай әрекеттер жасауға жол бергізбейді.

Қалпына келтіру қызметі— шығын келген тұлғаның мүлкілік жағдайын қалпына келтіру



Жазып ал да, жаттап ал!!!

Айып төлеу ұғымы

Борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.



Жазып ал да, жаттап ал!!!

Кепіл ұғымы

Міндеттемеге сәйкес несие берушінің (кепіл ұстаушының) борышқор кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені орындамаған ретте кепілге салынған мүлік құнынан осы Кодексте белгіленген алып тасталатындарды қоспай, осы мүлік тиесілі адамның (кепіл берушінің) басқа несие берушілердің алдында артықшылықпен қанағаттандырылуға құқығы бар міндеттемені атқаруының осындай әдісі кепіл деп танылады.





Жазып ал да, жаттап ал!!!

Кепілпұл ұғымы.

Уағдаласушы тараптардың біреуінің шарт бойынша өзінен алынатын төлемнің есебінен екінші тарапқа және шарт жасау мен орындауды не өзге міндеттемені орындауды қамтамасыз етуге берілетін ақшалай сома кепілпұл деп танылады.



Жағдаят.

15 жасар Қайрат өз үйінің жанында жаттығып жатқан. Ол өзі оқыған колледжде футбол командасының мүшесі еді. Ебедейсіз қимылдаған Қайрат допты алысқа теуіп жіберді. Доп қарсы беттегі дүкеннің терезесін сындырады. Күзетшілер жүгіріп шығып, олардың бірі Қайратты қатты ұрып жібереді. Соққы Қайраттың жанына батты. Оны директорға алып келіп, ата-анасын шақыртты. Оларға шығынның орнын толтыру керектігін айтқан. Оның ата-анасы үйге барып, Қайраттан мән-жайды сұрап білгеннен кейін ойланамыз, көреміз деген. Кейін олар зиянның орнын толтырудан бас тартып, Қайратты емдетуге кеткен шығынның орнын толтыруды талап еткен, өйткені күзетшінің соққысынан оның миы шайқалған. Дүкен дирекциясы сотқа арыз берген. Ол арызда дирекция Қайраттың ата-анасынан терезе құнының орнын толтыруды талап еткен. Ата-анасы Қайраттың естияр және істеген ісін түсінетінін айтқан. Келтірілген зиянды баланың өзі жұмыс істеген кезде төлейді, ал дүкен дирекциясы Қайраттың денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге тиіс, өйткені ол зиянды дүкен күзетшілері келтірді деген.

Кестені өз бетіңізбен
ТОЛТЫРЫҢЫЗ?

Не
білемін?

**Жағдаятты шешу
үшін не білуім
керек немесе
азаматтық
құқықтық
жауапкершілік
неден туындап тұр?**



		Мәселені қалай шешемін?

**Не
білемін?**

**Жағдаятты шешу
үшін не білуім
керек немесе
азаматтық
құқықтық
жауапкершілік
неден туындап тұр?**

**Мәселені
қалай
шешемін?**

